ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 1 шілде Іс №7119-24-00-2/7493 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "№ 75 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"OTAU - group" жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің "№ 75 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"OTAU - group" ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"OTAU - group" ЖШС-нен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

"OTAU - group" ЖШС-нен Астана қаласы әкімдігінің "№ 75 мектеп-гимназия" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 01.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Бертыбаева С. Т., 15.08.2024
7119-24-3-1/6949

кәсіпорны пайдасына 1 750 (бір мың жеті жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы, 53 (елу үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 01.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Бертыбаева С. Т., 15.08.2024

7119-24-3-1/6949